ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛГЕН
№ 38-К-58 БҰЙРЫҒЫ
2023 ж. « 16 » 01
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ
ПРИКАЗ № 38-К-58
« 16 » 01 2023

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының жалғыз акционерінің шешімімен бекітілді**
**(Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2022 жылғы «19» желтоқсан № 124 қаулысы)**

# «БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

**Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, 2022 жыл**

СМ. НА ОБОРОТЕ

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2013 жылғы 1 тамыздағы № 575 бұйрығымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

18-тармақта:

4-2) және 4-3)-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 1-1-тармағында және 32-бабының 1-1-тармағында көрсетілген жеке тұлғаларға біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпаратты ақы алмай ұсынуға;

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабының 5-тармағында көрсетілген жеке тұлғаларға инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға беру үшін қол жетімді міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы туралы ақпаратты ақы алмай ұсынуға;

4-3) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, аудару, төлеу және қайтару мәселелері бойынша уәкілетті оператормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;»;

26-тармақтың 2)-тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде оның қаржылық-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы ақпаратты, егер сұратуда өзге мерзімдер белгіленбеген болса, Қоғам сұратуды алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде алуға, сондай-ақ:

талап қойылған күнге депозитарийдің интернет-ресурсында жарияланған қаржылық есептілікті;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (бұрын Жалғыз акционер сұратқан ақпарат толық көлемде берілген жағдайда) ақпаратты;

Жалғыз акционер өтініш берген күні орындалатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (Жалғыз акционер өтініш берген күнге дейін үш жылдан астам) қатысты ақпаратты қоспағанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;»;

38-тармақта:

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;»;

5) -тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен

бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін атқарғаны үшін оларға сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;»;

7)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«7) аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту;»;

44-тармақта:

1)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі;»;

4)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғамның қызметі туралы жыл сайынғы есеп, сондай-ақ Директорлар кеңесінің есебі;»;

49-тармақта:

мынадай мазмұндағы 4-1)-тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қоғамның қызметі туралы жыл сайынғы есепті және Қоғамның жылдық есебін бекіту;»;

27-2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«27-2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің сандық құрамын айқындау, басшысын және қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін тоқтату, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің жұмыс тәртібін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері мен талаптарын айқындау;»;

51-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Тәуелсіз директорлар Занда, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

«51-1. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлауға жол беріледі. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

Бір адамға қатарынан тоғыз жылдан астам уақытқа Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбауға кеңес беріледі. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе Қоғамның Жалғыз акционері айқындаған өзге мерзімде Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізіледі.

Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.»;

53-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«53. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңында, Қазақстан Республикасының өзге құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға жауап бермейтін тұлға, сондай-ақ біруақытта ерікті жинақтаушы зейнетақы қорының қызметкері немесе лауазымды тұлғасы болып табылатын және (немесе) Қоғам алдында қандай да бір төлемдер немесе басқа да міндеттемелер бойынша берешегі бар және (немесе) Қоғаммен құқықтық дауға немесе сот процесіне тартылған Қоғамның қызметкері немесе лауазымды тұлғасы (егер Директорлар кеңесі Төрағасының ерекше мақұлдауы алынбаған болса) Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.»;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды, күн тәртібін қалыптастырады және бекітеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізеді;

3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз етеді;

4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және кеңінен қарау, ашық талқылауларға ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімге қол қояды;

6) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Жалғыз акционермен тиісті қарым-қатынас орнатады және өзара іс-қимыл жасайды;

7) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторингті және қадағалауды қамтамасыз етеді;

8) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда оларды шешу және Қоғамның қызметіне теріс ықпалын азайту шараларын қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерге уақтылы хабарлайды;

9) Қоғам атынан материалдық көтермелеу мен жауапкершіліктің қызмет нәтижелеріне және Қоғамның Даму жоспарының көрсеткіштерін орындауға тәуелділігін көздейтін Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасайды;

10) Қоғамның Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың жүйелілігі мен жиілігін бақылайды;

11) Қоғамнан (не корпоративтік хатшыдан) Қоғамның Директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауы үшін қажетті толық және өзекті ақпаратты Директорлар кеңесінің мүшелеріне уақтылы ұсынуын талап етеді;

12) жалпы Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайынғы бағалауды, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін жеке бағалауды бақылайды.»;

60-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Басқарманың сырттай отырыстары пікірталассыз сипаттағы мәселелер бойынша ерекше жағдайларда және тек Басқарма Төрағасының не оның орнындағы адамның шешімі бойынша өткізіледі. Басқарманың кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе кезекті жүзбе-жүз отырыстың күн тәртібіне енгізіледі.»;

70-1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«70-1. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құрылады, оның негізгі міндеті – Қоғамның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету.»;

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған Заңның 80-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамға осындай талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмеген мерзімде беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге болады.

Қоғам Жалғыз акционердің көрсетілген талабы Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей төмендегі талаптардың кемінде біреуі болған кезде құжаттардың көшірмесін беруден бас тартуға құқылы:

1) Жалғыз акционер талап қойған күнге сұратылған құжаттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы туралы және Акционерлік қоғамдар туралы заңнамаларында көзделген тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған кезде;

2) Қоғам Жалғыз акционердің құжатты беру туралы алғашқы талабын толық көлемде орындаған жағдайда, құжатты соңғы үш жыл ішінде қайта сұратқан кезде;

3) Жалғыз акционер талап қоя отырып жүгінген күні орындалатын мәмілелер бойынша құжаттарды қоспағанда, құжат Қоғам қызметінің өткен кезеңдеріне (талап қоя отырып жүгінген күнге дейін үш жылдан аса) жатады.».

**Басқарма Төрағасы** **Ж.Б. Курманов**

Утверждены
решением единственного акционера
акционерного общества «Единый
накопительный пенсионный фонд»
(постановление Правления
Национального Банка Республики
Казахстан от «19» декабря 2022 года № 124)

# ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ<br>В УСТАВ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА<br>«ЕДИНЫЙ НАКОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД»

Республика Казахстан, город Астана, 2022 год

В Устав акционерного общества «Единый накопительный пенсионный фонд», утвержденный приказом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 1 августа 2013 года № 575, внести следующие изменения и дополнения:

в пункте 18:

подпункты 4-2) и 4-3) изложить в следующей редакции:

«4-2) без взимания платы представлять физическим лицам, указанным:

в пункте 1-1 статьи 31 и пункте 1-1 статьи 32 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», информацию о сумме пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, доступной для осуществления единовременных пенсионных выплат;

в пункте 5 статьи 35-1 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», информацию о сумме пенсионных накоплений за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, доступной для передачи в доверительное управление управляющему инвестиционным портфелем;

4-3) осуществлять взаимодействие с уполномоченным оператором по вопросам учета, перевода, оплаты и возврата единовременных пенсионных выплат в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан;»;

часть первую подпункта 2) пункта 26 изложить в следующей редакции:

«2) получать информацию о деятельности Общества, в том числе о его финансово-хозяйственной деятельности и ее результатах, в срок не более пятнадцати календарных дней со дня получения Обществом запроса, если иные сроки не установлены в запросе, а также знакомиться с финансовой отчетностью Общества в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, за исключением информации:

опубликованной на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности на дату предъявления требования;

запрашиваемой повторно в течение последних трех лет (при условии, что ранее запрашиваемая Единственным акционером информация была предоставлена в полном объеме);

относящейся к прошлым периодам деятельности Общества (более трех лет до даты обращения Единственного акционера), за исключением информации о сделках, исполнение по которым осуществляется на дату обращения Единственного акционера.»;

в пункте 38:

дополнить подпунктом 2-1) следующего содержания:

«2-1) определение порядка, предельных сроков и общего количества размещаемых (реализуемых) акций Общества;»;

подпункт 5) изложить в следующей редакции:

«5) определение количественного состава, срока полномочий Совета директоров, избрание (переизбрание) его членов и досрочное прекращение их

полномочий, а также определение размера и условий выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров за исполнение ими своих обязанностей;»;

подпункт 7) изложить в следующей редакции:

«7) утверждение аудированной годовой финансовой отчетности;»;

в пункте 44:

подпункт 1) изложить в следующей редакции:

«1) аудированную годовую финансовую отчетность Общества;»;

подпункт 4) изложить в следующей редакции:

«4) ежегодный отчет о деятельности Общества, а также отчет Совета директоров;»;

в пункте 49:

дополнить подпунктом 4-1) следующего содержания:

«4-1) утверждение ежегодного отчета о деятельности Общества и годового отчета Общества;»;

подпункт 27-2) изложить в следующей редакции:

«27-2) определение количественного состава, назначение руководителя и работников антикоррупционной комплаенс-службы, а также прекращение их полномочий, определение порядка работы антикоррупционной комплаенс-службы, размера и условий оплаты труда и премирования работников антикоррупционной комплаенс-службы;»;

пункт 51 дополнить частью второй следующего содержания:

«Независимые директоры должны соответствовать требованиям, установленным Законом, Законом Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» и иными правовыми актами Республики Казахстан.»;

дополнить пунктом 51-1 следующего содержания:

«51-1. Члены Совета директоров Общества избираются на срок не более трех лет, в последующем, при условии удовлетворительных результатов деятельности допускается переизбрание еще на срок до трех лет. Любой срок избрания в состав Совета директоров Общества на срок больше шести лет подряд подлежит особому рассмотрению с учетом потребности качественного обновления состава Совета директоров.

Одному и тому же лицу рекомендуется не избираться в Совет директоров Общества более девяти лет подряд. В исключительных случаях допускается избрание на срок более девяти лет, при этом избрание такого лица в Совет директоров Общества происходит ежегодно или в иной срок, определенный Единственным акционером Общества, с подробным разъяснением потребности избрания данного члена Совета директоров и влияния данного фактора на независимость принятия решений.

Ни одно лицо не участвует в принятии решений, связанных с собственным назначением, избранием и переизбранием.»;

часть первую пункта 53 изложить в следующей редакции:

«53. Не может быть членом Совета директоров лицо, не отвечающее требованиям, установленным Законом Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан», иными правовыми актами Республики Казахстан, а также работник или должностное лицо Общества (если только не получено особое одобрение Председателя Совета директоров), который одновременно является работником или должностным лицом добровольного накопительного пенсионного фонда и (или) имеет задолженность по каким-либо платежам или по другим обязательствам перед Обществом и (или) вовлечен в правовой спор или судебный процесс с Обществом.»;

пункт 58 изложить в следующей редакции:

«58. Председатель Совета директоров в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом и внутренними документами Общества осуществляет следующие функции:

1) организует работу Совета директоров;

2) планирует заседания Совета директоров, формирует и утверждает повестку, созывает заседания Совета директоров и председательствует на них, ведет заседания Совета директоров;

3) обеспечивает сосредоточение внимания Совета директоров на рассмотрении стратегических вопросов и минимизации вопросов текущего (операционного) характера, подлежащих рассмотрению Советом директоров;

4) обеспечивает результативность проведения заседаний Совета директоров посредством выделения достаточного времени для обсуждений, всестороннего и глубокого рассмотрения вопросов повестки дня, стимулирования открытых обсуждений, достижения согласованных решений;

5) подписывает протокол заседания Совета директоров и решение, принятое Советом директоров посредством заочного голосования;

6) осуществляет построение надлежащей коммуникации и взаимодействия с Единственным акционером, включающее организацию консультаций при принятии ключевых стратегических решений;

7) обеспечивает мониторинг и надзор надлежащего исполнения принятых решений Совета директоров и Единственного акционера;

8) в случае возникновения корпоративных конфликтов принимает меры по их разрешению и минимизации негативного влияния на деятельность Общества, и своевременно информирует Единственного акционера, в случае невозможности решения таких ситуаций собственными силами;

9) заключает от имени Общества трудовой договор с Председателем Правления, предусматривающий зависимость материального поощрения и ответственности от результатов деятельности и выполнения показателей Плана развития Общества;

10) контролирует эффективность выполнения Советом директоров Общества своих функций, в том числе регулярность и частоту заседаний;

11) требует от Общества (либо от корпоративного секретаря) своевременного предоставления членам Совета директоров полной и актуальной

информации, необходимой для принятия Советом директоров Общества обоснованных решений;

12) контролирует проведение ежегодной оценки деятельности Совета директоров в целом, а также индивидуальной оценки каждого члена Совета директоров Общества.»;

пункт 60 дополнить частью девятой следующего содержания:

«Проведение заочных заседаний Правления допускается в исключительных случаях и лишь по решению Председателя Правления либо лица, его замещающего, по вопросам, носящим недискуссионный характер. В случае наличия возражений хотя бы одного члена Правления против рассмотрения вопроса на заочном заседании, вопрос включается в повестку дня очередного очного заседания.»;

пункт 70-1 изложить в следующей редакции:

«70-1. В Обществе создается антикоррупционная комплаенс-служба, основной задачей которой является обеспечение соблюдения Обществом и его работниками законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции.»;

пункт 74 изложить в следующей редакции:

«74. По требованию Единственного акционера Общество обязано предоставить ему копии документов, предусмотренных в пунктах 1 и 2 статьи 80 Закона, в срок не позднее десяти календарных дней со дня поступления такого требования в Общество, при этом допускается введение ограничений на предоставление информации, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.

Общество вправе не позднее десяти календарных дней со дня поступления в Общество указанного требования Единственного акционера отказать в предоставлении копии документов при наличии хотя бы одного из следующих условий:

1) электронная версия запрашиваемого документа на дату предъявления Единственным акционером требования размещена на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан о рынке ценных бумаг и об акционерных обществах;

2) документ запрашивается повторно в течение последних трех лет при условии, что первое требование Единственного акционера о его предоставлении было исполнено Обществом в полном объеме;

3) документ относится к прошлым периодам деятельности Общества (более трех лет до даты обращения с требованием), за исключением документов по сделкам, исполнение по которым осуществляется на дату обращения Единственного акционера с требованием.».

**Председатель Правления** **Курманов Ж.Б.**

Курманов Жанат Бахытбекович

Республика Казахстан , город Алматы,
Десятое января две тысячи двадцать третьего года.

Я, Хасенова Гайни Сариевна, нотариус города Алматы, действующий на основании лицензии № 0000384,выданной Министерством юстиции Республики Казахстан от 03 апреля 1999 года свидетельствую подлинность подписи Председателя Правления Акционерного общества « Единый накопительный пенсионный фонд » ( БИН 971240002115 ) г-на Курманова Жаната Бостановича, ( ИИН 620222301480) которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ установлена, дееспособность, полномочия , правоспособность Акционерного общества « Единый Накопительный Пенсионный Фонд» проверены.
Удостоверено с выездом по адресу: г.Алматы, мкрн. Самал-2, дом 97, н\п 13 время 15-00 час.

Зарегистрировано в реестре: 1-1
Взыскано: 3795-00 тенге
Нотариус:

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО
на ... стр.
Нотариус

ES6201876230110142726M8043C
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действ